

# Тест

□ 1. А

□ 2.Б

□ 3.А

□ 4.Б

□ 5.Б

# Үй жұмысын тексеру

- ▣ **Үй тапсырмасы:** Сурет салғым келмейді.
- ▣ «Бағдаршам» ойынын ойнату арқылы үй тапсырмасы бойынша қандай дайындықпен келгенін анықтау.
- ▣ Ойынның шарты: Егер оқушылар сабаққа жақсы дайындықпен келсе, бағдаршамның жасыл түсін көтереді; дайындалған, бірақ өзіне сенімсіздік танытса, сары түсті көтереді; дайындығы шала болса қызыл түсті көтереді.

# Үй тапсырмасын қорытындылап, оны өз ойларымен аяқтату.

- Оқушылар қай үйірмеде отыр?
- Салауат ағай кім туралы айтты?
- Ана тақырыбын алғаш салған кімдер екен?
- Қазақтың жас келіншегі қалай суреттелген?
- Кенеттен қандай жағдай болды?
- Ағай қандай сезімде болды?
- Ержан неге сурет салмады?
- Оның үйінде жазда қандай жағдай болды?
- Осы әңгімеден қандай әсер алдыңдар?
- Ағай не істеу керек еді?
- Ержан біздің арамызда болса не істер едіңдер?
- Қандай ақыл айтар едіңдер?

**Әбдірахман  
Асылбеков**



**Үйрену**




- ▣ **Абдрахман Асылбек** - 1 мамыр 1938 жыл Жамбыл облысы Талас ауданы Үшарал ауылы) - ақын.
- ▣ ҚазПИ-дің тарих-филология факультетін бітіргеннен кейін мектепте мұғалім болған.
- ▣ Аспирантурада оқыған, облыстық газетте, республикалық Қазақ радиосында
- ▣ Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде қызмет жасаған.
- ▣ 1955 жылы «Бейбітшілік бақшасы», «Жауды аяған жаралы» сияқты тырнақалды шығармалары басылған. Балаларға арналған алғашқы өлеңдер жинағы 1961 жылы жарық көрген. Содан бергі уақытта 31 жыр кітабын шығарды. Лирика, ән мәтіндерін жазып, сатира және аударма жанрларымен де айналысып келеді. Көптеген байқаулардың жеңімпазы, жүлдегер.




Вертолёт













## □ Ойын: «Тапқыр болсаң, тауып көр».

- - Құстарға қарап не ойлап тапқан?
- - Бақбақ гүлін барлығымыз білеміз. Осы гүл неліктен балаларға ұнайды? Оны үргенді ұнатамыз. Егер ақ бақбақ гүлін үрсе не болады? *(жан-жаққа ұшады)* Осыған қарап не ойлап тапқан? Қане, ойланып көрейік.
- - Араның омартасына қарап не ойлап тапқан?
- - Балық қабыршағына қарап не ойлап тапқан?
- - Жаңбыр жауғанда не ойлап тапқан?

## □ Қорытындылау:

□ 1. Өзің не ойлап тапқың келеді? Ойланып, қиялдап көр.

2. Әбдірахман Асылбековтың “Үйрену” өлеңінің негізгі ойы не?

□ Осының бәрі адамның байқағыштық, бақылау, салыстыру қасиеттерінің арқасында арман-қиялдарынан туған туындылар.

□ - Осындай адамдарды қалай атауға болады?  
(Өнерлі, шебер, он саусақ т.б.)

□ - Өнер, шеберлікке байланысты қандай мақалдар білесіңдер?

- **Үйге тапсырма беру:**
- «Үйрену » өлеңін жаттап алу.
- Өзің не ойлап тапқың келеді?  
Шығарма –әңгіме жазу.



- ▣ **Үлек** — сыңар өркеш түйенің (аруананың) ұрпағы. Шоқтығына дейінгі биіктігі 1 83 см, тұрқы 1 55 см, салмағы айыр түйеден жеңілдеу, мойны ұзын әрі жіңішке, қамыттығының жүні бұйра, тамағының асты мен желке жүні қалың әрі шудалы. Үлек 5 — 6 жасында қаңтардан сәуірге дейін келеге түседі, бұл кезде жемшөпті аз жеп, ашуы бойына сыймай күркіреді. Келеге түсу кезінде оны ұрып-соғуға болмайды, аса кекшіл, адамға шабуы мүмкін. Әбден жараған кезде тұсап, байлап ұстамаса, өзара таласып, бірін-бірі тамақтап, күре тамырларын қиып, тізелерін кеміреді, жеңгені жеңілгенін төсімен жаншып өлтіруі мүмкін. Ыстық түсе жыныс безінің қызметі бәсеңдеп, мүлде жуасып қалады. Бір маусымда Үлек 20 — 30 аруананы қайи алады. Үлек өте жүрдек әрі ұшқыр.



